

## Ай сайынғы материалдық көмек көрсету туралы

### **Күшін жойған**

Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 128 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 шілдеде № 4-5-166 тіркелді. Күші жойылды - Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 05 ақпандағы № 24 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2013.02.05 № 24 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына және 2011 жылғы 15 желтоқсандағы Қызылқоға аудандық мәслихаты сессиясының "2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" № XXXIV-2 шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі санаттағы азаматтарға 3 158 (үш мың бір жүз елу сегіз) теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек көрсетілсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;  
2) Жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге.

2. Материалдық көмек көрсету және төлеу уәкілетті органы болып "Қызылқоға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Шаяхметов ке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 4 қаңтарынан туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі*

*C. Рысқалиев*